

 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 05 ж. «27 қыркүйек» ЖҮРГІЗІЛДІ
№ 4905-1900-27
Бастапқы тіркелген күні
1998 ж. «21» қазан


 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 05 ж. «27 қыркүйек» ЖҮРГІЗІЛДІ
БСН 911 040 000 021
Бастапқы тіркелген күні
1998 ж. «21» қазан

«Казкоммерцбанк»

ТОЛЫҚТЫРУЛАР
ЖӘНЕ ЕНГІЗУЛЕРМЕН
ЖАРАМДЫ
2012 ж. «27 қыркүйек»

акционерлік қоғамының ЖАРҒЫСЫ

 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 12 ж. «27» қыркүйек
БҰРЫН 2005 ж. «27 қыркүйек» ТІРКЕЛДІ
№ 4905-1900-27

 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ КОМИТЕТІ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР
20 12 ж. «27» қыркүйек
БҰРЫН 2005 ж. «27 қыркүйек» ТІРКЕЛДІ
БСН 911 040 000 021

БЕКІТІЛДІ

Акционерлердің жалпы жиналысымен

2012 жылғы «18» мамырдағы хаттамасы

Қазақстан Республикасы

2-ЖАҒЫН
ҚАРА
СМОТРИ НА
ОБОРОТЕ

«Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Банк) осы жарғысы 2012 жылғы «18» мамырдағы акционерлердің жалпы жиналысымен оның жекелеген нормаларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестендіру мақсатында қабылданды.

1. ОСЫ ЖАРҒЫДА ҚОЛДАНЫЛҒАН ҰҒЫМДАР

1.1. Банк Акциясы – Банкпен шығарылатын және оның түріне байланысты акционердің Банк кірісінің дивиденд түріндегі бір бөлігін алу және Банк ісін басқаруға қатысу құқығын, сондай-ақ Банк таратылған жағдайда, оның мүлігінің бір бөлігіне қатысты құқықтарын куәландыратын бағалы қағаз. Жай акция акционерлердің жалпы жиналысында бір дауыс құқығын береді;

1.2. Инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қол жеткізу құқығы бар тұлға;

1.3. Инсайдерлік ақпарат – Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары), олармен жасалған мәмілелер, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (ұсынған) Банк, онымен жүзеге асырылатын қызметтер туралы коммерциялық құпия болып табылатын шынайы ақпарат, сондай-ақ жариялануы Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және Банктің қызметіне ықпал етуі мүмкін, үшінші тұлғаларға беймәлім басқа ақпарат;

1.4. Білікті көпшілік – көпшіліктің үштен төрт бөлігінен кем емес көпшілік;

1.5. Айырбасталатын бағалы қағаз – акцияларды шығару проспектінде анықталатын шарттарда және тәртіпте Банкпен шығарылған бағалы қағаздың басқа түріне ауыстырылуы тиіс Банкпен шығарылған бағалы қағаз;

1.6. Ірі мәміле:

1) нәтижесінде Банк тарабынан құны Банк активтері құнының жалпы көлемінен он және одан артық пайыздарды құрайтын мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын (сатып алынуы немесе иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы;

2) нәтижесінде орналастырылған бір түрдегі бағалы қағаздардың жалпы санынан жиырма бес және одан артық пайыз көлемінде оның орналастырған бағалы қағаздарын Банктің сатып алуы мүмкін немесе оның сатып алған Банктің бағалы қағаздары сатылуы мүмкін мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығы;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасымен мәміле ретінде қарастырылған мәміле.

1.7. Жиынтықты дауыс беру – дауыс беруге қатысатын әрбір акцияға директорлар кеңесінің сайланатын мүшелерінің санына тең дауыс саны сәйкес келетін дауыс беру тәсілі;

1.8. Ірі акционер – Банктің дауыс беруші акцияларының (барлығы қосылғанда) он және одан артық пайызына ие акционер немесе араларында жасалған келісім негізінде әрекет ететін бірнеше акционер;

1.9. Корпоративтік оқиғалар - Банк қызметіне айтарлықтай ықпал ететін, Банк акционерлерінің және инвесторларының мүдделеріне қатысты, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 79 бабымен және осы жарғымен анықталатын оқиғалар;

1.10. Корпоративтік веб-сайт – Банкке тиесілі және уәкілетті органмен белгіленген талаптарға сай келетін Интернет желісіндегі ресми электронды сайт (www.kkb.kz);

1.11. Құпия ақпарат – коммерциялық, қызметтік, банктік құпияны құрайтын ақпарат, көпшілікке жарияланбайтын, инсайдерлік және Банк қызметі жөніндегі басқа да ақпарат;

1.12. Жарияланған акциялар – шығарылымы Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес уәкілетті органмен тіркелген Банк акциялары;

1.13. Туынды бағалы қағаздар – туынды бағалы қағаздар деректерінің негізгі активіне қатысты құқықты куәландыратын бағалы қағаздар;

1.14. Банк қызметі туралы ақпаратты жария ету үшін қолданылатын бұқаралық ақпарат құралдары, - (i) корпоративтік веб-сайт, (ii) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында қосымша баспасөз басылымдарында жария ету талап етілсе – «Казахстанская правда» және/немесе «Деловой Казахстан» және/немесе «Егемен Қазақстан» газеттері. Банк қосымша, Банк қызметі туралы ақпаратты өз қалауы бойынша өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуге құқылы.

2. БАНКТИҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ

2.1. Банк өз қызметін акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында жүзеге асырады.

2.2. Банктің қазақ тіліндегі толық атауы:

«Казкоммерцбанк» акционерлік қоғамы

Банктің қазақ тіліндегі қысқартылған атауы:

«Казкоммерцбанк» АҚ

Банктің орыс тіліндегі толық атауы:

акционерное общество «Казкоммерцбанк»

Банктің орыс тіліндегі қысқартылған атауы:

АО «Казкоммерцбанк»

Банктің ағылшын тіліндегі толық атауы:

Joint stock company «Kazkommertsbank»

Банктің ағылшын тіліндегі қысқартылған атауы:

JSC «Kazkommertsbank»

2.3. Банктің атқарушы органының орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Гагарин д-лы, 135ж, Алматы қаласының Бостандық ауданы.

3. БАНКТИҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

3.1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына, Қазақстан Республикасы тарабынан жасалған халықаралық шарттарға (келісімдерге), банк тәжірибесінің жалпыға ортақ халықаралық нормаларына, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне, осы Жарғыға, Банкте қабылданған Корпоративтік басқару кодексіне, сондай-ақ Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес құрылған және өз қызметін атқарады.

3.2. Банк заңды тұлға, коммерциялық ұйым болып табылады, меншігінде оқшауландырылған мүлігі бар және міндеттемелері бойынша осы мүлігімен жауап береді, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алу және жүзеге асыру, міндеттерді қабылдау, сотта талапкер және жауапкер болу мүмкіндігі бар.

3.3. Банктің ресми мәртебесі банк ретінде әділет органдарында (тіркеуші органдарда) мемлекеттік тіркеуден өтуімен және банктік операцияларды жүргізуге уәкілетті органның лицензиясын алуымен айқындалады.

3.4. Банктің ұйымдық-құқықтық нысаны мен орналасқан орны көрсетілген, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық атауы жазылған дөңгелек мөрі бар. Банк өз атауы жазылған мөртаңбаларға және бланктерге, сондай-ақ меншікті тауар белгілеріне ие.

3.5. Банктің негізгі қызметі – өз клиенттері мен корреспондент-банктердің уақытша бос ақшаларын тарту және тиімді пайдалану, Банктің жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар банктік қызметтер мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметтерді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған қызметтерді ұсыну, сондай-ақ аталған қызмет түрлерінен табыс алу болып табылады.

3.6. Банктің қызмет ету мерзімі шектеусіз мерзімге құрылған және ол өз қызметін банктік және басқа операциялар мен бағалы қағаздар нарығындағы қызметін жүргізуге уәкілетті органмен берілген лицензиясы негізінде жүзеге асырады және Банк лицензиясымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған банктік және басқа операцияларды жүргізеді.

3.7. Банк өз қызметін Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде жүзеге асыруға құқылы.

3.8. Банктің қаржылық-шаруашылық қызметі оның мүліктік, экономикалық және қаржылық дербестігі негізінде жүзеге асырылады.

3.9. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте еншілес ұйымдарды құруға/сатып алуға, Қазақстан Республикасы аумағында және одан тыс жерлерде филиалдарын, өкілдіктерін және Банктің басқа оқшауландырылған құрылымдық бөлімшелерін ашуға құқылы.

3.10. Қызметін үйлестіру, ортақ мүдделерді қорғау және ұсыну, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және басқа да ортақ міндеттерді шешу үшін Банк басқа банктермен бірлесе отырып, қауымдастықтар (одақтар) және консорциумдар түріндегі бірлестіктер құруға құқылы.

4. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген шектеулерді ескере отырып, заңды және жеке тұлғалар – Қазақстан Республикасының резиденттері мен бейрезиденттері Банк акционерлері бола алады.

4.2. Акционерлер құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен және (немесе) осы жарғымен қарастырылған тәртіпте Банкті басқару жұмысына қатысуға;
- 2) дивидендтер алуға;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысымен және (немесе) осы жарғымен анықталған тәртіпте Банк қызметі жөніндегі ақпаратты алуға, сонымен қатар Банктің қаржы есептілігімен танысуға;
- 4) тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан бағалы қағаздарға қатысты құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 5) директорлар кеңесіне сайлау үшін Банк акционерлерінің жалпы жиналысына кандидатуралар ұсынуға;
- 6) Банк органдарымен қабылданған шешімдерді сот тәртібінде даулауға;
- 7) өз бетінше немесе басқа акционерлермен бірлесе отырып Банктің дауыс беруші акцияларының бес және одан артық пайыздарына ие болған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 63 және 74 баптарымен қарастырылған жағдайларда Банктің лауазымды тұлғаларының Банкке келтірілген залалдарын Банкке өтеуі және Банктің лауазымды тұлғаларының және (немесе) олардың үлестес тұлғаларының ірі мәмілелерді және (немесе) мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау нәтижесінде қол жеткізген пайданы (кірісті) Банкке қайтару туралы талаптарымен өз атынан сот органдарына жүгінуге;
- 8) Банкке оның қызметі жөніндегі жазбаша сұратуларды жолдауға және Банк сұратуды алған күннен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптар алуға;
- 9) Банк таратылған жағдайда мүліктің бір бөлігін иемденуге;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген тәртіпте акцияларды немесе банк акцияларына айырбасталатын Банктің басқа бағалы қағаздарын артықшылықты түрде сатып алуға.
- 11) Банк акцияларымен ұсынылатын барлық құқықтарды немесе олардың бір бөлігін сенімхат негізінде өкіліне (өкілдеріне) тапсыруға;
- 12) басқа акционерлердің келісімісіз өздеріне тиесілі Банк акцияларын иеліктен шығаруға.

4.3. Ірі акционерлер осыған қоса төмендегілерге құқылы:

- 1) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда, бұл жөнінде сотқа талап-арыз беруге;
- 2) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес директорлар кеңесіне акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелерді енгізуді ұсынуға;
- 3) директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;
- 4) өз қаражаты есебінен аудиторлық компанияның Банк аудитін өткізуін талап етуге.

4.4. Банктің артықшылықты акция иелері акционерлері Банктің жай акция иелері акционерлерінің алдында акцияны шығару проспектімен белгіленген алдын ала анықталған кепілдендірілген көлемде дивиденттер алуға және Банк таратылған жағдайда, Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген тәртіпте оның мүлігін алуға басымдық құқығына ие болады;

4.5. Акционерлер Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған басқа құқықтарға да ие болуы мүмкін.

4.6. Акционерлер міндетті:

- 1) осы жарғымен және Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған тәртіпте акцияларға төлем жасауға;
- 2) Банк акцияларын ұстаушылардың тізілім жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгеруі жөнінде тіркеушіге және осы акционерге тиесілі акциялардың атаулы ұстаушысына он күн ішінде хабарлауға;

- 3) Банк немесе оның қызметі жөніндегі қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия болып табылатын ақпаратты жарияламауға;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес басқа міндеттерді орындауға.

5. БАНКТИҢ ЖАРҒЫЛЫҚ ЖӘНЕ РЕЗЕРВТІК КАПИТАЛЫ

- 5.1. Банктің жарияланған акцияларының саны және түрлері туралы мәліметтер Банк акцияларын шығару проспектіне көрсетіледі. Банктің жарғылық капиталы акционерлердің және (немесе) инвесторлардың Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес акцияларға төлем жасауы арқылы қалыптасады және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында беріледі.
- 5.2. Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Банк акциялары орналастыру барысында ақшамен төленеді.
- 5.3. Банктің жарғылық капиталын арттыру Банктің жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.
- 5.4. Банктік қызметті жүзеге асырумен байланысты залалдардың орнын толтыру мақсатында Банк ең төменгі мөлшері уәкілетті органмен белгіленетін резервтік капиталын құрады.
- 5.5. Резервтік капитал банктің жай акциялар бойынша дивидендтерді төлеуіне дейінгі таза кірісі есебінен құралады.
- 5.6. Салықтарды, бюджетке төленетін міндетті алымдар мен төлемдерді төлеуден қалған Банк кірісі акционерлердің жалпы жиналысында анықталған мақсаттарға жұмсалады.
- 5.7. Банк қорларын құру және пайдалану тәртібі директорлар кеңесімен – директорлар кеңесінің қаражат көзі, қорларға салынатын аударым жарналарының мөлшері мен мерзімділігі (резервтік капиталға аударым жарналарын қоспағанда) туралы немесе тиісті қордың қаражатын пайдалану туралы шешімдер қабылдауы арқылы және басқарманың осындай шешімді орындауы арқылы анықталады.

6. БАНКТИҢ АКЦИЯЛАРЫ МЕН БАСҚА БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ҰСТАУШЫЛАРДЫҢ ТІЗІЛІМІ

- 6.1. Банк акцияларды, облигацияларды, сонымен қатар халықаралық облигацияларды, шығарылуына Қазақстан Республикасы заңнамасымен рұқсат берілген басқа облигацияларды, туынды бағалы қағаздарды шығаруға құқылы. Банктің бағалы қағаздарын шығару, тіркеу, орналастыру тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы жарғымен айқындалады. Банк айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруға құқылы.
- 6.2. Банк жай акцияларды немесе жай және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Банк акциялары атаулы болып табылады және құжатсыз нысанда шығарылады.
- 6.3. Банк, Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің басқа түрдегі акцияларына айырбастауды жүзеге асыруға құқылы. Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін басқа түрдегі акцияларға айырбастаудың шарттары, мерзімдері және тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актімен және Банк акцияларын шығару проспектімен белгіленеді.
- 6.4. Банкке «алтын акцияны» шығаруға тыйым салынады.
- 6.5. Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтердің кепілдендірілген мөлшері, сондай-ақ Банктің артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді төлеу мерзімділігі Банк акцияларын шығару проспектіне айқындалады.
- 6.6. Егер кепіл шартының талаптары бойынша басқа жағдай қарастырылмаған болса, жай акцияларға ие Банк акционерінің кепілге берілген акциялары бойынша дауыс беру құқығы бар.
- 6.7. Банктің бағалы қағаздарын ұстаушыларының тізілімдер жүйесін қалыптастыру, сақтау және жүргізу Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес тіркеуші тарабынан жүзеге асырылады.
- 6.8. Эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша құқықтарды растау тіркеушімен немесе атаулы ұстаушымен бағалы қағаздарды ұстаушының бағалы қағаздар ұстаушыларының тізілім жүйесіндегі және (немесе) атаулы ұстауды есепке алу жүйесіндегі және (немесе) орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі жеке шотынан үзінді көшірме беру арқылы жүзеге асырылады.

7. БАНК ОРГАНДАРЫ

- 7.1. Банк органдары:
 - 1) жоғары орган – акционерлердің жалпы жиналысы;

- 2) басқару органы – директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган - басқарма;
- 4) бақылау органы – ішкі аудит қызметі болып есептеледі.

8. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

- 8.1. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің жоғары органы болып табылады.
- 8.2. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына келесі мәселелер жатады:
 - 1) Банк жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
 - 2) Банктің корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
 - 3) Банкті ерікті қайта ұйымдастыру немесе тарату;
 - 4) Банктің жарияланған акцияларының санын арттыру немесе Банктің жарияланған орналастырылмаған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
 - 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттарын және тәртібін айқындау, сондай-ақ оларды өзгерту;
 - 6) Банктің жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;
 - 7) Банктің орналастырылған акцияларының бір түрін Банктің басқа түрдегі акцияларына айырбастау туралы шешім қабылдау, осындай айырбастаудың шарттарын және тәртібін айқындау;
 - 8) есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілеттігінің мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
 - 9) директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігінің мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ директорлар кеңесі мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін төленетін сыйақы мен шығындарының өтемақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;
 - 10) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;
 - 11) жылдық қаржы есептілігін бекіту;
 - 12) Банктің есептік қаржылық жылы бойынша таза кірісін үлестіру тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акциясына есептелетін дивиденд мөлшерін бекіту;
 - 13) Банктің жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау;
 - 14) Банктің басқа заңды тұлғаларды құруға немесе басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуы немесе сомасы Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан артық пайыздарын құрайтын бөлігін немесе бірнеше бөлігін тапсыру (алу) арқылы, басқа заңды тұлғалардың қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
 - 15) Банк акционерлерінің жалпы жиналысын шақыру жөнінде акционерлерге хабарлау нысанын айқындау және осындай ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына орналастыру туралы шешім қабылдау;
 - 16) Банктің акцияларды ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуы кезінде Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына сәйкес акцияның құнын анықтау әдістемесін және оған енгізілетін өзгертулерді бекіту;
 - 17) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 18) акционерлерге Банк қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін анықтау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарын анықтау;
 - 19) Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
 - 20) Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы жарғыға сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырымен шешім қабылдануы тиіс басқа мәселелер, немесе қаралуын және шешім қабылдануын акционерлердің жалпы жиналысы өз құзырына жатқызатын мәселелер.

Осы жарғының осы тармағының 1)-7) тармақшаларында және 16) тармақшасында келтірілген мәселелер бойынша шешімдер Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының білікті көпшілігімен қабылданады. Қалған мәселелер бойынша шешімдер дауыс беруге қатысатын Банктің дауыс беруші акцияларының жалпы саны жай ғана дауыс көпшілігімен қабылданады. Банктің директорлар кеңесі мүшелерін таңдау кезіндегі дауыс беру директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат дауысқа түсетін жағдайды қоспағанда, дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, жиынтықты дауыс берумен жүзеге асырылады.

- 8.3. Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің басқа органдарының Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелері бойынша қабылдаған кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.
- 8.4. Банк акционерлердің жылдық жалпы жиналыстарын жыл сайын өткізеді, акционерлердің өзге жалпы жиналыстары кезектен тыс болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күнін, уақытын және орнын Банктің директорлар кеңесі анықтайды.
- 8.5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы директорлар кеңесі тарабынан шақырылады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі бес айдың ішінде өткізілуі тиіс. Банктің есептік кезең бойынша қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда, аталған мерзім үш айға дейін ұзартылған болып саналады. Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы директорлар кеңесінің, Банктің ірі акционерінің бастамасы бойынша шақырылады.
- 8.6. Банктің ірі акционерінің акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талабы директорлар кеңесіне басқарманың орналасқан орнына келесі мәліметтері бар тиісті жазбаша хабарламаны жолдауы арқылы ұсынылады:
- осындай жиналыстың күн тәртібі;
 - осындай жиналыстың шақыртылуын талап еткен Банктің ірі акционерлерінің (ірі акционерінің) атаулары (атауы);
 - оларға (оған) тиесілі Банктің жай акцияларының санын, түрін көрсету;
 - акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу тәртібі бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасына және осы жарғыға қайшы келмейтін ұсыныстар.
- Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапқа акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының шақырылуын талап еткен Банктің ірі акционерінің қолы қойылады және ірі акционердің мөрімен бекітіледі (заңды тұлғаларға қолданылады).
- 8.7. Директорлар кеңесі Банктің ірі акционерінің талап етуі бойынша шақырылатын акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелердің тұжырымдамасына өзгертулер енгізуге құқылы емес, дегенмен, күн тәртібін өз қалауы бойынша кез келген сұрақтармен толықтыруға құқылы.
- Директорлар кеңесінің Банктің ірі акционерінің талап етуі бойынша шақырылатын акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының ұсынылған өткізу тәртібін өзгертуге құқығы жоқ. Алайда, Банктің ірі акционері ұсынған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы жарғыға қайшы келген жағдайда, Банктің ірі акционерінің талап етуі бойынша шақырылған акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы жарғымен белгіленген тәртіпте өткізілуі тиіс.
- 8.8. Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің ірі акционерінің талабын алған күннен кейін он жұмыс күні ішінде шешім қабылдауға міндетті және осындай шешім қабылданған сәттен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей талап етуді ұсынған ірі акционерге акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы қабылданған шешімі немесе оны шақырудан бас тартуы жөнінде хабарлама жолдауға міндетті.
- 8.9. Директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы Банктің ірі акционерінің талабынан келесі жағдайларда бас тартуға құқылы:
- 1) осы жарғымен және Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен белгіленген акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талапты ұсынудың тәртібі сақталмаса;
 - 2) акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізу үшін ұсынылған мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай келмесе.
- 8.10. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында Банктің жылдық қаржы есептілігі бекітіледі, Банктің өткен қаржы жылы бойынша таза кірісін үлестіру тәртібі анықталады, Банктің және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне қатысты акционерлердің шағымдануы және оларды қараудың нәтижелері жөніндегі мәселе, сондай-ақ басқа мәселелер қаралады.
- 8.11. Акционерлердің жалпы жиналысына дайындық және оны өткізу басқармамен, онымен жасалған шартқа сәйкес тіркеушімен, директорлар кеңесімен, Банктің тарату комиссиясымен жүзеге асырылады.
- 8.12. Акционерлерге алдағы уақытта акционерлердің жалпы жиналысының өтетіні жөнінде жиналыс өтетін күнге дейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей хабарлануы тиіс.
- 8.13. Күн тәртібіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген пруденциялық және басқа нормалар мен лимиттерді орындау мақсатында, уәкілетті органның талап етуі бойынша,

Банктің жарияланған акцияларының санын арттыру жөніндегі мәселе енгізілген акционерлердің жалпы жылдық жиналысы өткізілетін жағдайда, акционерлерге алдағы уақытта акционерлердің жалпы жиналысы өтетіні жөнінде жиналыс өтетін күнге дейін 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру өткізілетін жағдайда – 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлануы тиіс.

8.14. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс және онда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен қарастырылған мәліметтер болуы тиіс.

8.15. Акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және онда дауыс беру құқығына ие акционерлердің тізімі Банк акцияларын ұстаушыларының тізілім жүйесінің мәліметтері негізінде тіркеушімен құрылады. Аталған тізімді құру күні акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы шешім қабылданған күннен ерте белгіленбеуі тиіс.

8.16. Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес әрбір акционер акционерлердің жалпы жиналыстарына тікелей немесе өкілі арқылы қатысуға құқылы. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай құқығы жоқ тұлғалар акционерлердің жалпы жиналысына акционерлердің өкілі ретінде қатыса алмайды.

8.17. Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысу үшін өткізілетін тіркеу аяқталған сәтке сәйкес акционерлердің тізіміне енгізілген, жиналысқа қатысуға және онда дауыс беруге құқылы, барлығы бірге Банктің дауыс беруші акцияларының елу және одан артық пайыздарына ие акционерлер немесе олардың өкілдері, сонымен қатар сырттай дауыс беретін акционерлер (немесе осындай акционерлердің өкілдері) тіркелген болса, акционерлердің жалпы жиналысы шешім қабылдауға құқылы. Егер жиналысқа қатысу үшін өткізілетін тіркеу аяқталған сәтке сәйкес оған қатысу үшін барлығы бірге Банктің дауыс беруші акцияларының қырық және одан артық пайыздарына ие акционерлер (немесе олардың өкілдері), сонымен қатар сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, өткізілмей қалған жиналыстың орнына қайта шақырылған акционерлердің жалпы жиналысын өткізу заңды болып есептеледі.

8.18. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына, осы жарғыға, Банктің ішкі қызметін реттейтін Банктің басқа құжаттарына сәйкес немесе тікелей акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталады.

8.19. Акционерлердің жалпы жиналысының ашылуына дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда, жарияланған уақытында ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлайды.

8.20. Акционерлердің жалпы жиналысы – ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысының төрағасын және хатшысын сайлау жөніндегі мәселе бойынша дауыс беру барысында әрбір акционер бір дауысқа ие, ал шешім жиналысқа қатысушылар санының жай ғана дауыс көпшілігімен қабылданады. Акционерлердің жалпы жиналысында басқарма мүшелерінің төрағалық етуге құқығы жоқ және акционерлердің өкілдері ретінде қатысуға құқығы жоқ.

8.21. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесі тарабынан құрылады және оның құрамында талқыға салынатын нақты тұжырымдалған мәселелердің барынша толық тізімі болуы тиіс.

Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі:

- Банк акционерлеріне осындай толықтырулар туралы акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейінгі он бес күннен кешіктірмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе директорлар кеңесі тарабынан толықтырылуы мүмкін;
- шешімі Банктің артықшылықты акцияларына ие акционерлерінің құқығын шектеуі мүмкін мәселемен, егер аталған мәселені енгізу үшін Банктің орналастырылған артықшылықты акцияларының жалпы санының (сатып алынғандарды шегергенде) екіден үш бөлігінен кем емес дауыс берген болса, толықтырылуы мүмкін;
- егер өзгертулерді және (немесе) толықтыруларды енгізу үшін акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және барлығын қоса алғанда Банктің дауыс беруші акцияларының тоқсан бестен кем болмайтын пайызына ие акционерлердің көпшілігі дауыс берген болса, өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін.

Акционерлердің қайта өткізілетін жалпы жиналысының күн тәртібі және өткізілмей қалған акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі арасында айырмашылықтар болмауы тиіс.

8.22. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Банктің дауыс беруші акцияларының жиналыста ұсынылған жалпы санының дауыс көпшілігімен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, акционерлердің жалпы жиналысындағы дауыс беру «бір акция – бір дауыс» ұстанымы бойынша жүзеге асырылады.

8.23. Акционерлердің жалпы жиналысының қорытындысы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау арқылы акционерлерге хабарланады.

8.24. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс және онда Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен қарастырылған мәліметтер болуы тиіс. Акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары Банк басқармасында сақталатын хаттамалар кітабына тігіледі және акционерлердің танысуына кез келген уақытта ұсынылады. Банк акционерінің талап етуі бойынша акционерлердің жалпы жиналысының хаттама көшірмесі беріледі.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын акционерлердің шешімдері

8.25. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен қатар (аралас дауыс беру) немесе акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей қолданылуы мүмкін.

8.26. Сырттай дауыс беруді барысында дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға таратылады (беріледі). Осы жарғының 8.13. т. қарастырылған жағдайда қоспағанда, дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысы өткізілетін күнге дейін қырық бес күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

9. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

9.1. Директорлар кеңесі – акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Банк қызметіне жалпы басқаруды жүзеге асыратын Банктің басқарушы органы.

9.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзырына келесі мәселелер жатады:

- 1) Банк қызметінің басым бағытын және Банк дамуының стратегиясын анықтау немесе Қазақстан Республикасының заң шығарушы актілерімен қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
- 2) акционерлердің кезектен тыс жылдық жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) акцияларды орналастыру (өткізу), соның ішінде жарияланған акциялар көлемінің шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен құны туралы шешім қабылдау;
- 4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Банктің жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту, сондай-ақ Банктің аралық (тоқсан сайынғы) қаржы есептілігін бекіту;
- 6) директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) Банктің облигациялары мен туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын анықтау, сондай-ақ оларды шығару туралы шешім қабылдау;
- 8) басқарманың сандық құрамын, өкілеттілігінің мерзімін анықтау, оның басшысын және мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) басқарма басшысының және мүшелерінің лауазымдық жалақысын және еңбекақы мен сыйлықақы беру шарттарын анықтау;
- 10) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмысшыларының еңбекақы мен сыйлықақы беру мөлшерін және шарттарын анықтау;
- 11) корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттілік мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысын және сыйақы төлеу шарттарын анықтау;

- 12) қаржы есептілігі аудитін өткізгені үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ акцияларға төлем жасау ретінде ұсынылған немесе ірі мәміленің мәні болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау бойынша бағалаушының қызметіне төлем жасау мөлшерін анықтау;
 - 13) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында басқармамен қабылданатын құжаттарды қоспағанда), сонымен қатар Банктің аукциондарын өткізу мен бағалы қағаздарына қол қою шарттарын және тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;
 - 14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
 - 15) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан артық пайыздарын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешім қабылдау;
 - 16) акцияларының он және одан артық пайыздары (жарғылық капиталға қатысу үлестері) Банкке тиесілі заңды тұлға акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзырына қатысты қызметтер мәселесі бойынша шешім қабылдау;
 - 17) Банк міндеттемелерін оның меншікті капиталы көлемінің он және одан артық пайыздарын құрайтын көлемге ұлғайту;
 - 18) Банк немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық, немесе заңмен қорғалатын басқа құпияны құрайтын ақпаратты анықтау;
 - 19) ірі мәмілелерді және Банктің мүдделілігі бар мәмілелерді жасау туралы шешім қабылдау;
 - 20) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және (немесе) осы жарғымен қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзырына жатпайтын басқа мәселелер.
- 9.3. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер шешім шығару үшін басқармаға тапсырылмайды. Осы жарғыға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне немесе басқарманың құзыретіне жатқызылған, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қоспағанда, директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерден басқа, директорлар кеңесі акционерлердің жалпы жиналысының шешімдерімен немесе Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.
- 9.4. Акционерлердің жалпы жиналысымен 5 (Бестен) кем емес және 7 (Жетіден) артық емес Директорлар кеңесінің мүшелері сайланады. Директорлар кеңесі құрамына сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы заңнамасымен және осы жарғымен белгіленеді.
- 9.5. Директорлар кеңесінің кем дегенде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуы тиіс.
- 9.6. Директорлар кеңесіндегі бір орынға бір кандидат сайланатын жағдайды қоспағанда, директорлар кеңесі мүшелерін сайлау дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдаланумен жиынтықты дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Жиынтықты дауыс беру Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңымен қарастырылған тәртіпте өткізіледі.
- 9.7. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.
- 9.8. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін, оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне жазбаша хабарлаудың негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесі осындай хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады.
- 9.9. Директорлар кеңесінің мүшелері төмендегілер қатарынан сайланады:
- жеке тұлға акционерлер;
 - директорлар кеңесіне Банк акционерлерінің өкілдері ретінде сайлануға ұсынылған тұлғалар;
 - Банк акционерлері емес және директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған жеке тұлғалар.
- Басқарма Төрағасынан басқа басқарма мүшелері директорлар кеңесіне сайланбайды. Басқарма Төрағасы директорлар кеңесінің Төрағасы қызметіне сайлана алмайды.
- 9.10. Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шектеусіз мәрте қайта сайлануы мүмкін.
- 9.11. Директорлар кеңесінің төрағасы оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру барысында директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының дауыс көпшілігімен сайланады. Директорлар кеңесі кез келген уақытта директорлар кеңесінің Төрағасын қайта сайлауға құқылы.
- 9.12. Директорлар кеңесінің Төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ осы жарғымен анықталатын басқа қызметтерді жүзеге асырады.
- 9.13. Директорлар кеңесінің Төрағасы жоқ болған жағдайда, оның қызметін отырысқа қатысып отырған директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс көпшілігімен сайланатын директорлар кеңесі мүшелерінің бірі атқарады.

9.14. Директорлар кеңесінің отырыстары айына бір рет өткізіледі. Директорлар кеңесінің отырысы директорлар кеңесі Төрағасының немесе басқарманың бастамасымен:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) ішкі аудит қызметінің;
- 3) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымының;
- 4) Банктің ірі акционерінің

талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

9.15. Осы жарғының осы тармағымен басқасы қарастырылмаған болса, осы жарғының 9.2. тармағында аталған мәселелер бойынша материалдар қоса тіркелген директорлар кеңесін өткізу жөніндегі жазбаша хабарлама директорлар кеңесінің мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейінгі 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей жолдануы тиіс.

Келесі мәселелерді қараудағы директорлар кеңесін өткізу туралы жазбаша хабарламалар:

(1) Банктің қауіп-қатерсіз операциялары, атап айтқанда: депозиттерді қабылдау, банктік және металл шоттарын ашу және жүргізу, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу, кассалық операциялар, аударым операциялары, банктік шоттар бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру, сейфтік операциялар, дебеттік төлем карталарын шығару, өтелген аккредитивтерді ашу (ұсыну), банкноттарды, монеталарды және құндылықтарды инкассациялау және қайта жіберу, төлем құжаттарын (вексельдерді қоспағанда), Банк тарабынан брокерлік қызмет аясында жүргізілетін операцияларды инкассоға қабылдау, Банкте және/немесе Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес белгіленген жалпы талаптардағы сенімгерлік (траст) операциялар бойынша кез келген сомаға Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәміле жасау;

(2) осы жарғының осы тармағының (1) тармақшасында аталған Банктің тәуекелсіз операциялары бойынша кез келген сомаға Банктің мүдделілігі бар мәмілелерді жасау;

(3) 1 000 000 АҚШ долларынан немесе осы соманың баламасынан аспайтын сомаға жасалатын Банктің тәуекел операциялары бойынша Банкпен ерекше қарым-қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасау;

(4) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында басқармамен қабылданатын құжаттарды қоспағанда): әдістеме, тәртіп, саясат, бағдарлама, басшылық, ережелер, Банктің кредит саясатын реттейтін құжаттарды қоспағанда, Банкпен пайдаланылатын шарттардың, келісімдердің үлгі нысандарын және басқа да құжаттарын бекіту, директорлар кеңесі мүшелеріне отырыс өткізілетін күнге дейінгі 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын жолдануы тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты, және орны жөніндегі мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуы тиіс.

9.16. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы басқармаға алдын ала хабарлауы тиіс.

9.17. Отырысқа директорлар кеңесі мүшелерінің жартысының келуі директорлар кеңесін өткізудің кворумы болып табылады.

9.18. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысқа қатысып отырған директорлар кеңесі мүшелері берген жай ғана дауыс көпшілігімен қабылданады. Директорлар кеңесінің мүшесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) осы жарғыға сәйкес өзіне жүктелген қызметтерді орындауды басқа тұлғаларға тапсыруға құқығы жоқ.

9.19. Директорлар кеңесінің шешімдері отырысты өткізбей сырттай дауыс беру арқылы немесе директорлар кеңесінің отырысына қатысып отырған директорлар кеңесі мүшелерінің дауыс беруімен бірге сырттай дауыс беру (аралас дауыс беру) арқылы қабылдануы мүмкін.

Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай дауыс беру және директорлар кеңесі отырысын аралас дауыс берумен өткізу үшін директорлар кеңесі мүшелеріне бірыңғай нысандағы дауыс беруге арналған бюллетеньдер таратылады. Дауыс беруге арналған бюллетеньде келесі ақпарат болуы тиіс:

- 1) Банктің толық атауы мен орналасқан орны;
- 2) сырттай дауыс беру арқылы өткізілетін директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастамашы болған тұлға туралы мәліметтер;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді тапсырудың соңғы күні;
- 4) директорлар кеңесінің отырысын өткізбей сырттай дауыс берумен берілген дауыстарды санау күні;

- 5) күн тәртібі;
- 6) егер күн тәртібінде басқарма мүшелерін сайлау жөніндегі мәселелер болса, сайлауға ұсынылатын кандидаттардың есімдері;
- 7) дауыс беру өткізілетін мәселелердің тұжырымдамасы;
- 8) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс берудің «иә», «қарсы», «қалыс қалдым» сөздерімен білдірілген нұсқалары;
- 9) күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру тәртібінің (бюллетеньді толтырудың) түсіндірілуі.

